

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АЛМАТИНСКИЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ**

**«ҒЫЛЫМ. БІЛІМ. ЖАСТАР»  
республикалық ғылыми-тәжірибелік  
жас ғалымдар конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
21-22 сәуір 2016 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ  
республиканской научно-практической конференции  
«НАУКА. ОБРАЗОВАНИЕ. МОЛОДЕЖЬ»  
21-22 апреля 2016 года**

Алматы, 2016

доля коннотации (подчёркивается несерьезность, «легкость» радио). Кроме того, это слово является «своим» для аудитории радиостанции, и поэтому не может не нравиться слушателям.

А выражение «TheTimes, похоже, облажалась» является примером неудачного употребления жаргонизмов. Во-первых, «облажалась» не подходит по контексту (согласитесь, любой жаргон будет немного лишним в статье про Путина и «TheTimes»). Во-вторых, по смыслу гораздо лучше подошло бы слово «дезинформировать»; из того, что автор употребил слово, не подходящее по смыслу, можно делать вывод, что здесь жаргонизм употреблен ради жаргонизма.

«Жулик второй раз ограбил одного и того же человека». Здесь слово «жулик» соответствует контексту и не вступает в противоречия со смыслом статьи, поэтому нельзя сказать, что оно употреблено неудачно. Однако с другой стороны, нет никаких причин, предпочесть жаргонизм разговорному слову «мошенник» или нейтральным «вор», «грабитель». На наш взгляд, если жаргонное слово не несёт никакой дополнительной нагрузки, следует заменить его «нежаргонным» синонимом.

Таким образом, использование студенческого жаргона при соблюдении меры и художественного такта может обогатить не только язык СМИ, но и литературный язык в целом.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. «Современный русский язык»: Учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Филология» / П. А. Лекант, Е. И. Диброва, Л. Л. Касаткин и др.; Под редакцией А. Леканта. - 3-е издание, стереотип. - М.: Дрофа, 2002. - 560 с.
2. «Современный русский язык». Учебник для вузов. Аникина А. Б., Бельчиков Ю. А., Вакуров В. Н. и др.; под ред. Д. Э. Розенталя. - 4-е издание, испр. и доп. - М.: Высшая школа, 1984. - 735 с.
3. Виталий Колмановский. «О литературном языке и жаргоне». <[http://innabb.users.baku.ru/pubs/vkolmanovsky/10311\\_ru.php](http://innabb.users.baku.ru/pubs/vkolmanovsky/10311_ru.php)>
4. Александр Сидоров. «Из истории русского уголовно-арестантского арга». <<http://bookz.ru/authors/sidorov-aleksandr/argo/1-argo.html>>
5. «Средства массовой информации и культура речи». <<http://209.85.129.132/search?q=cache:Хр9Pa0gSCDsJ:nicifobr.68edu.ru/SMI.doc+%D0%98%D1%81%D0%BF%D0BB&cd=6&hl=uk&ct=clnk&gl=ua&client=firefox-a>>
6. Интернет портал «Единое окно». <http://window.edu.ru/window>
7. Сайт «Молодёжный сленг + жаргон наркоманов». <<http://annababina.narod.ru/>>

ӘОЖ 94

#### ТӨЛЕ БИ, ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Алдекен А. С., аға оқытушысы., Тұрсынбекова Ж. Қ.  
Алматы технологиялық университеті, Алматы қ. Қазақстан Республикасы*

Қара сөздің парқын білген қазақ нақыл сөзге кенде емес. Тарихтың тарам-тарам жолдарында өткеннен із болып сақталған ұлы сөздер бүгіндері әр қазақтың жүрегінде болуға тиіс. Шешендік пен даналық - жұмыр басты пенденің бәрінің бірдей бойына дари бермейтін дарын. Осындай ғажайып дарын иелері ел басына күн туған шақта шашыраған қазақты бір тудың астына жинап, есігі мен бесігін түзейтін ерлеріне ерен сөз айтты. Қасиетті сөздің қадірін ұғынған жан үшін олар тек сөз ғана айтпады. Олар алтыннан да құны жоғары, оты сөнбес ғұмырлық нақыл айтты.

Өз мемлекетінің құрылуы қазақ халқының рухани мәдениетінің одан әрі дамуында зор маңызы болды. Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысының өзіндік ерекшелігі, халық өмірінің ерекше жағдайлары мен өзіндік өзгешелігі бар қоғамдық уклад «билер сөзі», «билер айтысы», «билер дауы», «төрелік айту», «шешендік сөздер» деп аталатын көркемдік мәдениеттің бірегей түрін туғызды. «Билер соты,- деп жазды Ш.Уалиханов, - орыстардың 40 жылдық ықпал жасағанына қарамастан, ол жүздеген бәлкім, бізге дейінгі мың жыл бұрын қандай болса да, сондай болып қала береді». [1]

XVI-XVIII ғасырлардағы би-шешендер арасында мемлекеттік және қоғамдық қызметтің маңыздылығы жағынан, шешендік өнерінің күші мен поэтикалық шеберлігі жағынан Төле би Әлібекұлы (1663-1756), Қазыбек Келдібекұлы (1665-1765) және Әйтеке Байбекұлы (1682-1766)

ерекше бөлек орын алады. Олар Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Ресейде, Хиуада, Жоңғария мен Цин империясында танымал болған.[2] Ел аузында Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған. Оның атымен байланысты айтылатын нақыл сөздер, мақал мәтелдер, билік кесімдер де ел арасына кеңінен тараған. Төле би есімі тек Ұлы жүзде ғана емес, Орта жүз бен Кіші жүзде де аса құрметпен аталады. Бұл оның бүкіл қазақ халқының тағдырына қатысты ірі оқиғалардың ортасында жүргенінің айғағы. Бұған Төле бидің замандасы, тағдырласы Қаз дауысты Қазыбек бидің «Төле би дүниеден өтті» деген суық хабарды естігенде: «Төле өлді дегенше, дүниеден әділет өлді десейші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» деп, жер таянып, көзіне жас алуы да куәлік етеді. Бұл үш арысқа тірек болған үш асылдың бірінің екіншісіне берген бағасы. Бұдан асырып, жеріне жеткізіп, айту мүмкін де емес. Өйткені олар қасында бірге жүріп, бір бірінің қадір қасиетін жете таныған алыптар болғаны даусыз.

Төле би Әлібекұлы - жастайынан нақыл сөздерді жақсы біліп, ақын атанған. Тәуке ханның кеңесшісі болып «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысқан. Уақыт өте келе Төле биге «Төбе би» атағы берілді. Қазақ хандығы бөлшектеніп кеткен кезде ол Ұлы жүзді басқарды, бірсыпыра уақыт Ташкентті биледі. Ауызша тарлу дәстүрі бойынша Төле бидің толғау, қара сөзбен айтқандары, бата, сынау, көңіл айту, нақыл сөз және т.б. түрінде азын-аулақ туындылары жеткен.

Қазыбек би Келдібекұлы – жасөспірім кезінен алғыр ақылымен және ақындық дарынымен ерекшеленіп, жас шағынан-ақ тапқыр сөздерімен және әдетті, шарифатты, ата-бабалардың поэтикалық мұраларын білгіштігімен аты шыққан. Халық арасында тапқырлығы мен біліктілігінің арқасында зор беделге ие болып хандықтың ішкі сыртқы саясатына ықпал жасайды. Абылайдың басқаруы кезінде дипломатиялық өкілдік те атқарып, жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырған. XVIII ғасырдың 40-жылдарында Абылай ханды жоңғарлардың тұтқынынан бостуға қатысқан басты қайраткерлердің бірі.[3]

Қазақ қоғамында соғыс болсын, ортақ келісімге уағдаласу, мәмілеге келу болсын, сыртқы һәм ішкі саясатта болсын, жер қорғауда болсын – ең қажет қару – шешеннің тілі. Әлбетте, дарынды шешенде білгірлік-біліктілік, алғырлық-тапқырлық, қаһармандық-қайраткерлік, зиялылық-саясаткерлік сияқты ұшан-теңіз табиғи рухани қасиет-қабілеттер мол болса, онда мемлекет жеңіске жетіп, қиындықтан, құлдықтан құтылады. Мерей-мәртебесі, даму дәрежесі жоғары болады. Бұл ретте Қаз дауысты Қазыбек бидің Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында айрықша тұлға екендігін айтуға болады. Қазыбек би – шешендік сөздерді тақырыптық тұрғыдан байытып, мазмұндық жағынан тереңдетіп қана қоймай, оның көркемдігіне, үйлесімділігіне де ерекше мән берген, жанрлық тұрғыдан шешендік толғау, шешендік дау, шешендік арнау түрлерін өз шығармашылығында барынша дамытқан. Сондықтан да баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына.

Әйтеке би Байбекұлы – жұрт таныған би және Кіші жүздің жетекшісі ретінде Тәуке хан жанындағы кеңеске еніп, Төле бимен, Қазыбек бимен бірге «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға, мемлекеттік істерді даулапды шешуге қатысқан. Жұртқа мәлім, «Орта орданың ең күшті иелерінің бірі Барақ сұлтан Кіші орданың ханы әбілқайырды өлтіріп, өзіне сот жүргізу үшін бүкіл қазақ халқының 4 биін таңдап алған. Ол билердің қатарында Үлкен орданан Төле би және Кіші орданан Әйтеке болған».[4]

«Қазақ руларының басын біріктіріп бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып, жоңғар- қалмақ шапқыншылығына қарсы бірыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке болған. Сайып келгенде, Әйтеке — шешендігімен бірге кезінде ел басқарған, заң жасасқан, феодалдық қазақ мемлекетін құрысып, нығайтуға үлес қосқан қоғам қайраткері».[5]

Сонымен XVI-XVIII ғасырлардағы би-шешендер шығармашылығы өз заманының жемісі болған және ол сол дәуірдің өмір шындығын өзінше бейнелеп, қоғамның талап-тілектеріне сай келген. Сол арқылы өз кезеңінің мәдениеті мен әдебиетіне зор үлес қосқан. Би-шешендердің шығармашылығы сол кезеңдегі қоғамды айқын бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар оны қалыптастыруға қосқан үлестері арқылы бүгінгі таңда құнды болып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Сбор. соч. в 5-ти т. А., 1981 г., т.1, 507 б.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей А., 1996, 128 б.
3. Қазақ совет энциклопедиясы 1 том, 399 б.
4. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Сбор. соч. в 5-ти т. А., 1981 г., т.1, 517 б.
5. Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті жарғы. – А., 1994, 85 б.

## АБЫЛАЙ ХАННЫҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БИЛІГІНІҢ НЫҒАЮЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

*Алдекен А.С., аға оқытушысы., Сарбасова М. Ж., студент  
Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

XVIII ғасырдың 50-жылдары – XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі орталық және оңтүстік–шығыс Қазақстандағы қалыптасқан саяси жағдайға Абылай ханның ықпалы зор болды. Орта жүз бен Ұлы жүздегі жағдай аз уақыт тұрақталғаннан кейін XVIII ғасырдың 40-жылдарының аяғына қарай қайта шиеленісе бастады. Орта жүз бен Ұлы жүздің ресми ханы Әбілмәмбет болып қалғанына қарамастан, нақты билік бірте-бірте ықпалды сұлтан Абылайдың қолына жинақтала берді. Ол қазақ-жоңғар соғыстарының барысында қалыптасқан батырлар мен билердің үлкен қолдауына сүйенетін. Абылайдың жастайынан билікке араласа бастағанын – Үмбетей жырау Бөгенбай қайтыс болғандағы жоқтауында Шарышты жеңген жекпе-жекпен кейін Абылай хан болды деп жырлауынан және Бұқар жыраудың «Құбылып шыққан бәйшешек» деген толғауында Абылайдың жас кезінен билікке араласқанын мәлімдеуінен білеміз. [1]

Абылайдың замандасы Тәтіқара жырау да оның Орта жүзге хан болғанын растайды.[2]

Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Абылай ханның дәуірі» деген туындысында Арыстан Толыбайұлы ақыннан дәйексөз келтіреді, онда Абылайдың Көкшетауда 48 жыл хан болғаны айтылады.[3]

Міржақып Дулатов өзінің Абылай деген еңбегінде де осылай жазды.

Шәкәрім өзінің «Уәлибақының ұрпағы» деген зерттеуінде Шарышпен жекпе-жекпен кейін Абылайдың Әбілмәмбет ханның шатырына шақырылғанын жазды. Әбілмәмбет ханның ұсынуымен Абылай Шақшақ Жәнібектің батасын алып, хан деп жарияланады. Оның жорамалдауы бойынша, бұл шамамен 1935 жыл болған.[4] Қазақ деректемедерінде Абылайдың билікке келуі осылайша баяндалады. Қалай дегенменде Абылайдың жастайынан билікке араласып, соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешуде көрнекті тұлға болғаны белгілі. Сол арқылы Абылай бүкіл күш-қайратын жоғары билікті нығайтуға және Қазақ хандығын ұзаққа созылған саяси дағдарыстан шығаруға бағыттады. Қазақ руларының Абылай төңірегіне топтасуы оның Жоңғарияға қарсы белсенді де нысаналы қимылдауына көп жағынан көмектесті.

Қазақ халқының аса көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаев «Батыр Баянда» Абылайдың саясаткерлігін былай суреттейді:

«Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ.

Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.

Артында ор, алдында көр, жан-жағы дау

Сол кезде елге қроған болған Абылай,

Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап»

Абылай дарынды хан, аса ірі қайраткер, қолбасшы болды. Әбілмәмбет ханның тірі кезінде қазақ халқы оны өзінің қорғаушысы, көсемі санады. Ол патша өкіметінің губернаторларының ыңғайына жүрмеді. Елінің еркіндігін, бостандығын қорғай білді. Абылай сұлтан өзінің ақылды, сабырлы мінезі мен адамгершілігінің арқасында тек бір орда емес, үш орданың сыйлы ханы атанды. 60-жылдардың аяғына қарай Абылай сұлтан Қазақстанның көпшілік бөлігінде жоғарғы билікті нығайтып алды. Орта жүз бен Ұлы жүз оған толық бағынды, Кіші жүздің көптеген билеушілерімен ол әулеттік қыз алысып, қыз берісу арқылы туыстық жағынан байланысты болды. Батыр хан мен Ералы сұлтан оның одақтастары еді, тіпті Нұралы хан да онымен санасуға мәжбүр болды. Әбілмәмбет ресми түрде жоғарғы билеуші болып қалғанымен, сол кездің өзінде-ақ Абылай ресми хат алысқан хан атала бастайды. Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін Абылай 1971 жылы жалпы қазақ ханы болып жарияланды.[5] Бұл біртұтас тәуелсіз Қазақ хандығын сақтауға жасалған соңғы әрекет еді.

Іс жүзінде бүкіл қазақ халқының ханы деп танылған Абылайдың беделі өлшеусіз өсті. Абылай ресми түрде Ресейдің бодандығында болғанымен, сыртқы саяси акцияларды ол егемендігін сақтап қалды. Жекелеген қазақ билеушілерімен және цин сарайымен арадағы қатынастардың сипаты әдеттегі елшілік байланыстар шеңберінен шықпады. Сондықтан да 1757 жылы Цянь-лун қазақ қоныстары цин әскерлері жаулап алған аумақтың бөлігі емес, ал билеушілерінің өздері және ең алдымен Абылай хан империяның бодандары емес деп мойындады.[6] Күрделі әскери-саяси жағдай және Жетісу мен Шығыс Алтайдағы өздерінің ежелгі қоныстарын қайтарып алуға жасалған әрекеттер Абылайды, Әбілмәмбетті, Әбілпейізді маньчжур сарайымен елшілік қатынастар жасауға

және белгілі бір дәрежеде Цин империясымен Шығыс Түркістанға егемендігін тануға итермеледі. Қазақ билеушілерімен дипломатиялық әдепті сақтауға Циндік Қытайдың өз әскерлерін азық-түлікпен және атпен жабдықтауда үнемі қиыншылық көруі айқын себеп болды. Дипломатиялық байланыстардың маңызы кем түспейтін тағы бір бөлігі мынадай: циндер қазақ билеушілерінің Ресеймен экономикалық және саяси қатынастарын тежеу үшін оларды өз жағына тартқысы келді. Сонымен бірге циндер тарапынан саудаға шектеу қою қазақтардың циндермен сауда қатынастарының үнемі тарыла беруіне, ал соның ізімен саяси қатынастардың да тартылуына акеп соқты. Қазақстан мен Қытайдың саяси қатынастарында Орта жүз иеліктері көрнекті рөл атқарды, ал бұл негізінен Қазақстанның саяси маңызды шекаралық аудандары еді. Жоңғар хандығының жойылып, жоңғарлардың жойқын қырғынға ұшырауы Цин империясының шекарасын Қазақстанға өте жақындатып жіберді, сондықтан қазақ билеушілерінің алдында, атап айтқанда Абылайдың алдында қазақ мемлекеттілігін нығайту мәселесі тұрды. Сол кезден бастап Абылайдың қазақ даласын саяси дербестік негізінде жайғастыру жоспарларын жүзеге асыру жөніндегі нысаналы қызметі өрістеді. Абылай өз иеліктеріне империяның әскери құрамаларын ешбір аттап бастырған жоқ, әскери құрамаларға шапқыншылық жасап жүрген рубасылардың бетімен кеткенін байқамаған сыңай білдіріп, жаңа бекіністер мен қамалдар салуға мүмкіндік бермейді. Нақ сол уақытта тұтқындарды ықыласпен алмастырып отырады және империяның вассалы ретінде саудаға бейбіт шаруашылық қызметке жәрдемдесті.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Нәсеновтың «Абылай хан» атты кітабынан Абылайдың дана хан болғандығы және кішігірім жауларды есепке алмағанда үш алыппен (Ресей, Жоңғар, Қытай) ортақ тіл табысуы сабырлылық, білімділік, қайраттылық, жігерлілік, парасаттылық, терең ойшыл қасиеттерінің және ақылды дипломат болуының нәтижесі екенін көруге болады.

Әрине, бір мақаланың көлемінде Абылай ханның қазақ халқына сіңірген еңбегін толық қамту мүмкін емес. Дегенмен де нақты құжаттарға сүйене отырып, біраз өмір жолына шолу жасап көрдік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абылай хан. Тарихи жырлар, т. 4, А., 1993, 41-б
2. Абылай хан. Тарихи жырлар, т. 4, А., 1993, 67-б
3. Абылай хан. Тарихи жырлар, т. 4, А., 1993, 304-б
4. Цинская империя и казахские ханства. Сборник документов и материалов. А., 1989, ч. 2, 171-172 б.
5. Цинская империя и казахские ханства. Сборник документов и материалов. А., 1989, ч. 2, 101-102 б.
6. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе Российской империи. А., 1981, 95-б.

УДК 316.344.24 (476)

#### ЭМПИРИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ И ИНДИКАТОРЫ СОЦИАЛЬНОГО САМОЧУВСТВИЯ ЖЕНЩИН-УЧЕНЫХ

*Артюхин М. И., к.ф.н., Соловей А.П., магистр социологических наук,  
Институт социологии НАН Беларуси, г. Минск, Республика Беларусь  
E-mail: alesya-solovei@mail.ru*

Социальное самочувствие научных сотрудников (в частности женщин) влияет на эффективность их работы, эффективность научных учреждений и эффективность науки в целом. При этом социальное самочувствие является одним из показателей адаптации и интеграции женщины в науку. Рассматривая женщину-ученого как объект социологического изучения, следует учитывать ее двойственную позицию в производстве социальных практик, так как жизненные стратегии включают в себя интересы и женщины, и ученого. Женщина-ученый – это представитель, прежде всего, женской социальной группы, диспозиция и самопрезентация которой обуславливаются гендерной ролью. Необходимость комплексного изучения социального самочувствия женщины-ученого обуславливается общей феминизацией науки, системой профессиональной подготовки научных кадров, а также гендерной политикой государства. Также стоит отметить, что социальное самочувствие женщины влияет на профессиональную адаптацию и научно-исследовательскую деятельность.

Анализ социального самочувствия носит комплексный характер, который охватывает разные стороны человеческого бытия и обуславливает междисциплинарный подход в определении данного